

Инструменты геймификации повышают вовлеченность учащихся в образовательный процесс

¹Н.Сансызбай, ¹К.М.Мухамедиева

¹Павлодарский педагогический университет имени Э.Маргулана (Павлодар, Қазақстан)

Аннотация

В данной статье рассматриваются способы применения геймификации в общеобразовательных школах. Раскрывается сущность понятия «геймификация» и объясняется её эффективность в обучении детей. Также подробно описываются преимущества использования игровых элементов в учебном процессе: показано, как они способствуют повышению мотивации учащихся к обучению, усилению их активности и более глубокому усвоению учебного материала. В статье приводятся конкретные примеры применения геймификации на уроках и раскрываются возможности, которые она открывает для учителей. Кроме того, в исследовании особое внимание уделяется роли геймификации в формировании здоровой конкурентной среды среди учащихся и развитии навыков командной работы. Перевод образовательного процесса в игровую форму рассматривается не только как средство внешней мотивации, но и как важный фактор повышения внутреннего познавательного интереса обучающихся. **Ключевые слова:** геймификация, цифровые инструменты, Kahoot, Gynzy, Classmana, Joyteka.

Gamification tools increase student engagement in the educational process

¹N.Sansyzbay, ¹K.M.Mukhamediyeva

¹A.Margulan Pavlodar Pedagogical University (Pavlodar, Kazakhstan)

Abstract

This article examines ways of implementing gamification in general secondary schools. The concept of gamification is defined, and its effectiveness in teaching children is explained. The advantages of using game elements in the educational process are described in detail, demonstrating how they increase students' motivation to learn, enhance their engagement, and contribute to deeper understanding of learning materials. The article provides specific examples of applying gamification in classroom practice and highlights the opportunities it creates for teachers. In addition, the study emphasizes the role of gamification in fostering a healthy competitive environment among students and in developing teamwork skills. Transforming the educational process into a game-based format is viewed not only as a tool for external motivation but also as an important factor in strengthening learners' intrinsic cognitive interest.

Keywords: gamification, digital tools, Kahoot, Gynzy, Classmana, Joyteka.

Поступила в редакцию: 18.03.2026

Одобрена: 31.03.2026

Первая публикация на сайте: 16.06.2026

MPHTI: 14.25.09

<https://doi.org/10.65247/3105-3432-2026-2.07>

PROJECT-BASED LEARNING (PBL) – АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚҰЗЫРЕТТІЛІКKE НЕГІЗДЕЛГЕН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ТЕТІГІ

^{*1}М.А.АБЕЕВА^{id}, ²Ж.Р.НУРБАЕВА^{id}

¹№ 63 орта мектеп, ²Сағадат Нұрмағамбетов атындағы № 10 орта мектеп
(Тараз, Қазақстан)

^{*}marzhanabeeva@gmail.com, zanagul809@gmail.com

Аңдатпа

Бұл мақала ағылшын тілін оқыту тәжірибесінде Project-Based Learning (PBL) әдісін қолданудың тиімді қырларын жан-жақты талдауға арналған. Зерттеудің негізгі мақсаты – жобалық оқыту арқылы білім алушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту, олардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын

арттыру және дербес жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерін айқындау. Зерттеу жұмысы теориялық деректерді талдау мен педагогикалық тәжірибе элементтерін қамтитын аралас әдіснама негізінде жүргізілді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жобалық тапсырмаларды жүйелі қолдану оқушылардың сөйлеу белсенділігінің айтарлықтай артуына, бірлескен әрекетке бейімделуіне және шетел тілін практикалық жағдаяттарда тиімді пайдалануына ықпал етеді. Алынған қорытындылар Project-Based Learning әдісін ағылшын тілін оқыту үдерісінде кеңінен қолданудың өзектілігін нақты дәлелдейді, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға маңызды үлес қосатынын көрсетеді.

Түйін сөздер: жобалық оқыту, Project-Based Learning, ағылшын тілін оқыту, конструктивизм, сыни ойлау, коммуникативтік құзыреттілік, оқу уәжі, білім алушының дербестігі, критериялды бағалау.

Кіріспе

Қазіргі таңда білім беру қоғамның әлеуметтік жүйесіндегі стратегиялық маңызы бар негізгі институттардың бірі ретінде қарастырылуда. Әлемдік даму үрдістері білімнің әлеуметтік рөлінің артып келе жатқанын көрсетеді, ал жеке тұлғаның болашағы оның меңгерген білімінің сапалық деңгейіне, көлеміне және ойлау мәдениетінің қалыптасуына тікелей тәуелді екені анық байқалады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты мақсаты ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практикалық жетістіктер негізінде жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыруға және кәсіби тұрғыда жетілдіруге бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету болып белгіленген [ОББМЖЖМС, 2022]. Сонымен қатар, білім беру үдерісіне заманауи педагогикалық технологияларды енгізу мен ақпараттандыру білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттары болып отыр.

Осыған байланысты, ағылшын тілін оқыту үдерісі білім алушылардың тек тілдік білімін ғана емес, сонымен қатар сыни ойлау шығармашылық және проблеманы шешу дағдыларын дамытуды талап етеді. Осы талаптарға жауап беретін тиімді педагогикалық тәсілдердің бірі ретінде - Project Based Learning (PBL) әдісін қарастыруға болады.

Зерттеудің мақсаты – орта білім беру жүйесінде ағылшын тілін оқыту үдерісінде Project-Based Learning әдісінің педагогикалық мүмкіндіктерін теориялық және әдістемелік тұрғыда негіздеу

Әдебиеттік шолу

Project-Based Learning (PBL) әдісі қазіргі білім беру жүйесінде коммуникативтік құзыреттілікті, сыни тұрғыдан ойлауды және функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тиімді педагогикалық тәсіл ретінде қарастырылады [Thomas J.W., 2000; Bell S., 2010]. Сонымен қатар, Қазақстандағы CLIL сабақтарында жүргізілген зерттеулер жобалық оқытудың білім алушылардың тілдік дағдыларын, ынтымақтастық мәдениетін және пәндік білімді қатар дамытуға ықпал ететінін көрсетеді [Avasi V. et al., 2024].

PBL әдісі алғаш АҚШ-та инженерлік білім беру жүйесінде кеңінен қолданылып, кейін медициналық, бизнес, құқық және әлеуметтік білім беру салаларына енгізілді [Barrows H.S., 1996; Savery J.R., 2015]. Әдістің педагогикалық негізі Джон Дьюидің тәжірибелік білім (experiential learning) теориясына, Килпатриктің әлеуметтік тәжірибе теориясына, Жан Пиаже мен Джером Брунердің когнитивтік даму теорияларына сүйенеді [Barrows H.S., 1996; Savery J.R., 2015]. Бұл теориялар оқушының белсенді әрекет арқылы білім алуын, өз білімін құруын және проблемаларды шешу қабілетін дамытуын қолдайды. Сонымен қатар, топтық жобалар әлеуметтік интеракцияны дамытуға және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдістің артықшылықтары арасында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін, коммуникативтік құзыреттілігін, шығармашылық және зерттеушілік дағдыларын арттыру бар [Bell S., 2010; Thomas, 2000]. PBL шынайы өмірлік жобалар арқылы тілдік және кәсіби дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді [Jiang Y. et al., 2024]. Соңғы жылдары жасанды

интеллект технологиялары PBL жобаларын жаңа деңгейге көтеріп, оқушылардың дербес зерттеу қабілеттерін арттыруға ықпал етуде [Jiang Y. et al., 2024].

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, АҚШ-та PBL инженерлік, медициналық және әлеуметтік білім беру жүйелерінде табысты қолданылды [Barrows H.S., 1996]. Сонымен қатар, Британ Кеңесі және Buck Institute for Education материалдарында PBL әдісі тіл үйретуде, оқытуды интербелсенді және студент-орталықты ету үшін тиімді әдіс ретінде бағаланады [British Council, 2023; Buck Institute, 2015].

Әдістер

PBL әдісі білім алушылардың нақты мәселелерді шешу арқылы білімді меңгеруіне және ағылшын тілін оқытуда жобалау әдісі аналитикалық және жағдаяттық технологиялармен ұштасқанда білім алушылардың зерттеушілік және коммуникативтік құзыреттерінің тиімді қалыптасуына мүмкіндік береді [Kabanova D. et al., 2023]. Бұл әдіс оқыту үдерісін тұлғаға бағдарланған, зерттеушілік және ынтымақтастыққа негізделген әрекет ретінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді [Savery J.R., 2015; Barrows H.S., 1996].

Project-Based Learning (PBL) - бұл педагогикалық технология, онда білім алушылар нақты жоба шеңберінде нақты тапсырманы орындайды, оның нәтижесі нақты өнім болып табылады [Savery J.R., 2015]. Фрагменттік жаттығулардан айырмашылығы, PBL ұзақ мерзімді, мақсатты қызметке бағытталған, онда оқу мазмұны пәнаралық, тәжірибеге бағытталған тапсырманы шешу арқылы игеріледі. Әдістің негізгі элементтері-шынайы мәселе немесе қозғаушы сұрақ", терең зерттеу, ұжымдық жұмыс, қоғамдық өнім және процесс пен нәтиже туралы рефлексиядан тұрады [Buck Institute for Education, 2015].

Project-Based Learning (PBL) әдісінің теориялық негіздері конструктивизм мен тәжірибелі оқыту философиясынан бастау алады. Бұл тәсіл білім алушыны оқу үдерісінің белсенді субъектісі ретінде қарастырады және білімді әлеуметтік өзара әрекет пен нақты проблемаларды шешу арқылы құрастыруды көздейді. Заманауи зерттеулер PBL-дің философиялық тамырлары Дж.Дьюи, У.Килпатрик және Ж.Пиаже идеяларымен байланысты екенін көрсетеді [Kokotsaki D. et al., 2016; Krajcik J.S., Blumenfeld P.C., 2006].

Ал, Джером Сеймур Брунер өзінің «Ашылу» (discovery learning) атты теориясында, жобамен оқыту білім алушылар үшін білімді өз бетінше «Ашатын» және мұғалім мұндай жаңалыққа жағдай жасайтын зерттеу процесі болуы керек деп есептеді [Bruner J.S., 1961].

Нәтижелер

Ұсынылған теориялық негіздерді талдай отырып, PBL әдісінің қазіргі білім беру жүйесіндегі маңыздылығы мен ғылыми негізінің жеткілікті дәлелденгенін атап өткіміз келеді.

Біріншіден, жоғарыдағы айтылған зерттеушілердің еңбектерін жүйелей қарастырсақ, олардың ортақ идеясы – оқытудың белсенді, зерттеушілік сипатта болуы және білімнің оқушы тәжірибесінің негізінде қайта құрылуында. Бұл қағидалар PBL әдісінің табиғатына толық сәйкес келеді. Демек, PBL – теориялық тұрғыдан да, практикалық жағынан да дәстүрлі оқытудың шектеулерін еңсерегін, оқушы субъектілігін күшейтетін әдіс.

Екіншіден, Брунердің «тіректер» тұжырымдамасы PBL әдісінің құрылымымен тікелей үйлеседі. Жобалық жұмыста мұғалімнің фасилитатор рөлі, оқушыға бағытталған қолдау деңгейінің біртіндеп азаюы, топтық өзара әрекет - аталған теориялардың нақты практикалық іске асуы болып табылады. Бұл тұжырым Қазақстандағы blended learning жағдайында жүргізілген зерттеу нәтижелерімен де үйлеседі, онда білім алушылар жобалық оқытуды оқу уәжін арттыратын және практикалық дағдыларды қалыптастыратын тиімді тәсіл ретінде бағалаған [Anayatova D., Kostaubayeva Z., 2020].

PBL оқыту технологиясы нақты кезеңдер арқылы іске асады және оны толығырақ төмендегі кестеде толығырақ қарастыруға болады (1-кесте).

PBL оқыту әдісінің кезеңдерінің қорытынды схемасы

Кезеңдері	Негізгі мазмұны	Нәтиже
Мәселені немесе жоба сұрағы	Негізгі сұрақты қою	Мәселені тұжырымдау
Жоспарлау	Мақсаттар, рөлдер, ресурстар мен мерзімі	Жоба жоспары
Зерттеу	Ақпараттарды іздеу және анықтау	Мәліметтер базасы мен гипотезалар
Өзірлеу	Шешім немесе өнімді талдау	Прототип, жоба
Жүзеге асыру	Тәжірибелік орындау	Дайын өнім
Презентация	Жобаны қорғау	Нәтижені ұсыну
Рефлексия	Тәжірибені талдау, қорытындылау	Бағалау және ұсыныстар

1-кестеде Project Based Learning (PBL) оқыту әдісінің кезеңдері жүйелі түрде ұсынылған және олар оқу үдерісінің логикалық бірізділігін қамтамасыз етеді. Алдымен мәселені немесе жоба сұрағын анықтау кезеңі білім алушылардың сыни ойлауын дамытып, оқу әрекетінің нақты бағытын айқындайды [Kokotsaki D. et al., 2016; Krajcik J.S., Blumenfeld P.C., 2006].

Өзірлеу мен жүзеге асыру кезеңдерінде теориялық білім практикалық әрекетпен ұштасып, нақты жоба немесе өнім дайындалады және өз жұмысын дәлелді түрде қорғауға жағдай жасайды. Ал рефлексия кезеңі орындалған жұмысты талдауға, нәтижені бағалауға және болашақта жобаны жетілдіруге бағытталған ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді [Kokotsaki D. et al., 2016; Krajcik J.S., Blumenfeld P.C., 2006].

Осылайша, PBL әдісінің кезеңдік құрылымы білім алушылардың шығармашылық, зерттеушілік және ынтымақтастық дағдыларын кешенді түрде дамытуға ықпал етеді.

Жалпы оқу үдерісінде және ағылшын тілін оқыту кезінде PBL әдісінің бірқатар артықшылықтары мен кедергілерін атап өткен жөн [Abu-Hussain, J., 2022]. Олар:

1. Мотивацияны арттыру. Оқушылар ағылшын тілінің практикалық мағынасын көреді, яғни, қызықты тақырыпта жұмыс істеу қызығушылық пен оқуға деген құштарлықты оятады;
2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту. Тұрақты ағылшын тіліндегі қарым-қатынас сөйлеу және тыңдау дағдыларын жақсартады;
3. 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыру яғни, сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық, топтық жұмыс, жоспарлау, мәселелерді шеше білу – мұның барлығы тілмен қатар дамиды.

Пікір алмасу

Қазіргі таңда қазақстандық оқытушылардың басым бөлігі дәстүрлі білім беру тәсілдерін қолданатыны анық. Осыған байланысты ағылшын тілін оқытуда проблемалық-бағдарлы оқыту (PBL) әдісінің дәстүрлі оқыту әдістерінен айырмашылықтарын айқындап көрсету маңызды болып отыр (2-кесте).

Ағылшын тілін оқытудағы PBL әдісінің дәстүрлі оқытудан айырмашылығын

Критерилер	PBL (Project-Based Learning)	Дәстүрлі оқыту
Оқытудың мақсаты	Нақты мәселені шешу және өнімді құру (плакат, видео, презентация), XXI ғасырдың дағдыларын дамыту	Білім беру, жаттығулар мен түсініктемелер арқылы грамматикалық және лексикалық дағдыларды қалыптастыру
Оқушының рөлі	Белсенді зерттеуші, жасаушы: ақпарат іздейді, шешім қабылдайды, нәтижеге жауап береді	Білім алушы: түсініктемелерді тыңдайды, үлгі бойынша тапсырмаларды орындайды

Оқытушының рөлі	Фасилитатор, тьютор: процесті бастарды, дереккөздерге көмектеседі, уақытты бақылайды	Білім көзі, контроллер: материалды түсіндіреді, орындалу дұрыстығын тексереді
Бағалау	Көп қырлы: тіл, шығармашылық, топтық жұмыс, презентация. Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау	Тапсырмалар мен тесттердің дұрыстығын мұғалімнің тексеруі
Тілдік тәжірибе	Ағылшын тілі жобаның мақсатына жету үшін байланыс құралы ретінде қолданылады	Ағылшын тілі оқу объектісі ретінде, көбінесе оқу жағдайларында қолданылады
Мотивация	Ішкі: қызығушылық, түпкілікті өнім үшін жауапкершілік, өмірмен байланыс	Сыртқы: бағалау, бақылау жұмыстары, бағдарлама талаптары

Жоғарыдағы кестеде ағылшын тілін оқытуда PBL әдісінің дәстүрлі оқытудан мазмұндық әрі әдістемелік тұрғыдан елеулі айырмашылығы бар екенін көрсетеді. PBL-де оқытудың негізгі мақсаты нақты мәселені шешу арқылы өнім дайындау және XXI ғасыр дағдыларын дамыту болса, дәстүрлі оқытуда басымдық тілдік білімді меңгертуге бағытталады [Savery J.R., 2015].

Бағалау жүйесінде де айырмашылық байқалады, яғни PBL көпқырлы, өзін-өзі және өзара бағалауға негізделсе, дәстүрлі оқытуда мұғалім тарапынан бақылау басым болады. Осылайша, PBL әдісі оқушылардың ішкі мотивациясын арттырып, ағылшын тілін шынайы қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, PBL әдісімен оқытудың негізінде, арнайы жобалық тапсырмаларды күнделікті сабақтың формативті бағалауы яғни, максималды 10 балдық шкаламен теңестіріп, жобалық тапсырмаларды жүйелі бағалау үшін критериялы бағалау көрсеткіштері мен дискрипторларын ұсынып отырмыз. Төменде 3-кестеде көрсетілгендей, PBL әдісіне негізделген критериялы бағалау жүйесін қарастыруға болады.

3-кесте

PBL әдісіне негізделген критериялы бағалау*

Көрсеткіштер	Критериялар
1. Зерттеу және ақпарат жинау	- 2 ұпай-терең зерттеу, әртүрлі ақпарат көздерін пайдаланды (интернет, кітаптар, мақалалар, сұхбаттар және т.б.); - 1 ұпай - үстірт зерттеу, ақпарат жеткіліксіз
2. Жазбаша жұмыстың сапасы	- 2 ұпай - жоба мәтіні елеулі қателіктерсіз сауатты құрылымдалған. Әр түрлі лексикалық қор қолданылады, грамматика сақталады; - 1 ұпай - мәтін жалпы түсінікті, бірақ грамматика мен лексикада қателіктер бар, мәтінді ішінара нақтылау қажет
3. Шығармашылық және өзіндік ерекшелік	- 1 ұпай - жоба өзіндік тәсілмен орындалды, оқушылар материалдарды (дизайн, безендіру, ұсыну) жасауда шығармашылық тәсілді көрсетті
4. Топтық жұмыс және ынтымақтастық	- 1 ұпай - оқушылар белсенді жұмыс істеді, тапсырмаларды бөлді, бір-біріне көмектесті. Жобаға топтың барлық мүшелері қатысады
5. Жобаны презентациялау	- 2 ұпай - оқушылар жобаны сенімді және анық ұсынды, көрнекі материалдарды (слайдтар, суреттер, графика) пайдаланды, ағылшын тілін жақсы меңгергендіктерін көрсетті; - 1 ұпай - Презентация орындалды, бірақ өте айқын болмады, визуалды материалдар аз пайдаланылды немесе тіл шектеулі болды
6. Тілдік дағдыларды қолдану	-1 ұпай - оқушылар әр түрлі тілдік құрылымдарды (лексика, грамматика, сөз тіркестері) дұрыс контексте қолданды, тіл деңгейі жобаға сәйкес келеді
7. Жобаның тақырыбы мен мақсаттарына сәйкестігі	- 1 ұпай - жоба мәлімделген тақырып пен мақсаттарға толық сәйкес келеді. Оқушылар жобаның міндеттеріне сәйкес келетін нәтижелерге қол жеткізді

Өзін өзі бағалау	Оқушылар өзін-өзі бағалау қабілетін көрсетті, өз жұмыстарын талдады, ненің сәтті болғанын және нені жақсартуға болатынын көрсетті
Жалпы бағасы:	- 10 ұпай - жоба жоғары деңгейде орындалды, барлық критерийлер толығымен орындалды; - 7-9 ұпай - жоба жақсы орындалды, бірақ бір немесе екі аспектіде аздаған кемшіліктер бар; - 4-6 ұпай - жоба қанағаттанарлық түрде орындалды, түзетуді қажет ететін бірнеше маңызды кемшіліктер бар; - 0-3 ұпай - жоба жеткіліксіз орындалды және ашылмады

*Авторлармен құрастырылды.

Бұл бағалау критерийлері мұғалімге орындалу сапасын да, нәтижені жасауға бағытталған күш-жігерді де ескере отырып, жобаны объективті бағалауға көмектеседі.

Біздің ойымызша, қарастырылып отырған әдіс жобалық оқыту ретінде оқушыларға өз қарқынымен жұмыс істеуге, оларды қызықтыратын тақырыптар мен тәсілдерді зерттеуге мүмкіндік береді.

Бағалау көбінесе тек тест немесе емтихан нәтижелеріне байланысты болатын дәстүрлі әдістерден айырмашылығы, PBL бүкіл оқу процесін ескеруге мүмкіндік береді. Оқушылар соңғы өнім үшін ғана емес, оны жасау үшін жасаған қадамдары үшін де бағаланады [Siemens G., Baker R.S.J., 2012]. Бұл оларға прогресті көруге, әлсіз жақтарын анықтауға және олармен жұмыс істеуге көмектеседі.

Қорытынды

Сонымен, жүргізілген теориялық талдау мен педагогикалық ұстанымдарды жүйелеу нәтижесінде Project-Based Learning (PBL) әдісін орта білім беру жүйесінде, соның ішінде ағылшын тілін оқыту үдерісінде мақсатты әрі жүйелі түрде қолдану педагогикалық және психологиялық тұрғыдан негізделген тиімді тәсіл екені анықталды. Бұл әдіс оқытудың дәстүрлі үлгілерінен ерекшелене отырып, білім алушыларды оқу үдерісінің белсенді субъектісіне айналдырады және олардың танымдық, коммуникативтік әрі шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретінін анық айтуға болады.

Қазақстандық зерттеулер де PBL тәсілінің білім алушылардың пәндік білімін, коммуникативтік құзыреттілігін және оқу мотивациясын дамытуға оң әсер ететінін растайды [Avasi V. et al., 2024; Kabenova D. et al., 2023; Anayatova D., Kostaubayeva Z., 2020].

Ағылшын тілін оқытуда PBL әдісін жүйелі енгізу білім беру үдерісінің сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың тұлғалық дамуына, олардың әлеуметтік бейімделуіне және болашақта алған білімін тиімді қолдана алуына жағдай жасайды. Осы тұрғыдан алғанда, Project-Based Learning әдісін қазіргі орта білім беру тәжірибесіне енгізу өзекті әрі нәтижелі педагогикалық шешім ретінде қарастыруға толық негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- ОББМЖЖМС (2022) Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (соңғы редакция): *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы*, 3 тамыз, 348 [Электрондық ресурс]: URL: <https://enu.kz/v1/smartapi/download/3b77ddad-05b0-4977-8062-ab725fbdef27> (өтінім берілген күні: 05.02.2026).
- Thomas J.W. (2000) A review of research on project-based learning. *The Autodesk Foundation* [Электрондық ресурс]: URL: <http://www.bobpearlman.org/BestPractices/PBLResearch.pdf> (өтінім берілген күні: 05.02.2026).
- Bell S. (2010) Project-based learning for the 21st century: Skills for the future. *The Clearing House: A Journal of Educational Strategies, Issues and Ideas*, 83(2), 39-43. DOI: <https://doi.org/10.1080/00098650903505415> [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/00098650903505415> (өтінім берілген күні: 12.02.2026).

- Avasi V., Sengerbekova B., Smakova K., Avasi V. (2024) Project-Based Learning (PBL) in a CLIL Classroom: The Case of Kazakhstan. *SDU University Bulletin: Pedagogy and Teaching Methods*, 66(1), 6-20 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu%20bulletin.v66i1.1259> (өтінім берілген күні: 12.07.2026).
- Barrows H.S. (1996) Problem-based learning in medicine and beyond: A brief overview. In L.Wilkerson & W.H.Gijselaers (Eds.). *Bringing problem-based learning to higher education: Theory and practice*, 3-12. San Francisco: Jossey-Bass. DOI: <https://doi.org/10.1002/tl.37219966804> [Электрондық ресурс]: URL: https://www.researchgate.net/publication/229503861_Problem-based_learning_in_medicine_and_beyond_A_brief_overview (өтінім берілген күні: 12.02.2026).
- Savery J.R. (2006) Overview of problem-based learning: Definitions and distinctions. *Interdisciplinary Journal of Problem-Based Learning*, 1(1), 920 [Электрондық ресурс]: URL: <https://docs.lib.purdue.edu/ijpbl/vol1/iss1/3/> (өтінім берілген күні: 20.01.2026).
- Jiang Y., Omar M., Kamaruzaman F.M. (2024) Exploring AI-enhanced project-based learning for English language acquisition: A systematic review of key elements and emerging technology trends. *International Journal of Learning, Teaching and Educational Research*, 24(2) [Электрондық ресурс]: URL: <https://ijlter.org/index.php/ijlter/article/view/12193> (өтінім берілген күні: 20.01.2026).
- British Council (2023) *Teaching English: Project work and collaboration* [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.teachingenglish.org.uk> (өтінім берілген күні: 20.01.2026).
- Buck Institute for Education (2015) *PBL works: A framework for high-quality project-based learning* [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.pblworks.org> (өтінім берілген күні: 20.01.2026).
- Kabenova D., Iskakova Sh., Utegaliyeva B. (2023) Analytical and Situational Technologies of Foreign Languages Teaching: The Project Method. *Journal of Educational Sciences (ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогика сериясы)* [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.26577/JES.2023.v75.i2.012> (өтінім берілген күні: 13.07.2026).
- Kokotsaki D., Menzies V., Wiggins A. (2016) Project-based learning: A review of the literature. *Improving Schools*, 19(3), 267-277. DOI: <https://doi.org/10.1177/1365480216659733> [Электрондық ресурс]: URL: <https://journals.sagepub.com/doi/10.1177/1365480216659733> (өтінім берілген күні: 20.01.2026).
- Krajcik J.S., Blumenfeld P.C. (2006) Project-based learning. In R.K.Sawyer (Ed.). *The Cambridge handbook of the learning sciences*, 317-334. Cambridge University Press [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.cambridge.org/core/books/cambridge-handbook-of-the-learning-sciences/projectbased-learning/355AA45D92D7FCD5D312FD1C343FDBB2>; (өтінім берілген күні: 05.02.2026).
- Bruner J.S. (1961) The act of discovery. *Harvard Educational Review*, 31(1), 21-32 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.sciepub.com/reference/306019> (өтінім берілген күні: 20.01.2026).
- Anayatova D., Kostaubayeva Z. (2020) Applying Project-Based Learning Principles on Blended Learning Classroom: Students' Perception. *SDU University Bulletin: Pedagogy and Teaching Methods*, 52(1), 11-23 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu%20bulletin.v52i1.37> (өтінім берілген күні: 13.07.2026).
- Abu-Hussain J. (2022) The level of acquaintance of the teacher with his students and the quality of the relationship between them in elementary schools of the Arab minority in Israel. *American Journal of Educational Research*, 10(5), 304-312. DOI: <https://doi.org/10.12691/education-10-5-6> [Электрондық ресурс]: URL: <https://pubs.sciepub.com/education/10/5/6/index.html> (өтінім берілген күні: 20.01.2026).
- Siemens G., Baker R.S.J. (2012) Learning analytics and educational data mining: Towards communication and collaboration. In: *Proceedings of the 2nd International Conference on Learning Analytics and Knowledge*. New York: ACM, 252-254 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.researchgate.net/publication/254462827_Learning_analytics_and_educati

[onal data mining Towards communication and collaboration](#) (өтінім берілген күні: 20.01.2026).

Yesmuratova A., Shayakhmetova D., (2021) CLIL Approach in Kazakhstan: Learners' Perception and Experiences. *SDU University Bulletin: Pedagogy and Teaching Methods*, 57(4), 15-21 [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu%20bulletin.v57i4.605> (өтінім берілген күні: 12.07.2026).

References

- OBBMZhZhMS (2022) Orta bilim berudin memlekettik zhalpyga mindetti standarty (songy redakciya): *Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylym ministrinin bujrygy*, 3 tamyz, 348 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://enu.kz/v1/smartapi/download/3b77ddad-05b0-4977-8062-ab725fbdef27> (otinin berilgen kuni: 05.02.2026).
- Thomas J.W. (2000) A review of research on project-based learning. *The Autodesk Foundation* [Elektrondyk resurs]: URL: <http://www.bobpearlman.org/BestPractices/PBLResearch.pdf> (otinin berilgen kuni: 05.02.2026).
- Bell S. (2010) Project-based learning for the 21st century: Skills for the future. *The Clearing House: A Journal of Educational Strategies, Issues and Ideas*, 83(2), 39-43. DOI: <https://doi.org/10.1080/00098650903505415> [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/00098650903505415> (otinin berilgen kuni: 12.02.2026).
- Avasi V., Sengerbekova B., Smakova K., Avasi V. (2024) Project-Based Learning (PBL) in a CLIL Classroom: The Case of Kazakhstan. *SDU University Bulletin: Pedagogy and Teaching Methods*, 66(1), 6–20. DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu%20bulletin.v66i1.1259> (otinin berilgen kuni: 12.07.2026).
- Barrows H.S. (1996) Problem-based learning in medicine and beyond: A brief overview. In *L.Wilkerson & W.H.Gijselaers (Eds.). Bringing problem-based learning to higher education: Theory and practice*, 3-12. San Francisco: Jossey-Bass. DOI: <https://doi.org/10.1002/tl.37219966804> [Elektrondyk resurs]: URL: https://www.researchgate.net/publication/229503861_Problem-based_learning_in_medicine_and_beyond_A_brief_overview (otinin berilgen kuni: 12.02.2026).
- Savery J.R. (2006) Overview of problem based learning: Definitions and distinctions. *Interdisciplinary Journal of Problem Based Learning*, 1(1), 920 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://docs.lib.purdue.edu/ijpbl/vol1/iss1/3/> (otinin berilgen kuni: 20.01.2026).
- Jiang Y., Omar M., Kamaruzaman F.M. (2024) Exploring AI-enhanced project-based learning for English language acquisition: A systematic review of key elements and emerging technology trends. *International Journal of Learning, Teaching and Educational Research*, 24(2) [Elektrondyk resurs]: URL: <https://ijlter.org/index.php/ijlter/article/view/12193> (otinin berilgen kuni: 20.01.2026).
- British Council (2023) *Teaching English: Project work and collaboration* [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.teachingenglish.org.uk> (otinin berilgen kuni: 20.01.2026).
- Buck Institute for Education (2015) *PBL works: A framework for high-quality project-based learning* [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.pblworks.org> (otinin berilgen kuni: 20.01.2026).
- Kabenova D., Iskakova Sh., Utegaliyeva B. (2023) Analytical and Situational Technologies of Foreign Languages Teaching: The Project Method. *Journal of Educational Sciences (ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогика сериясы)* [Электрондық ресурс]: DOI: <https://doi.org/10.26577/JES.2023.v75.i2.012> (otinin berilgen kuni: 13.07.2026).
- Kokotsaki D., Menzies V., Wiggins A. (2016) Project-based learning: A review of the literature. *Improving Schools*, 19(3), 267-277. DOI: <https://doi.org/10.1177/1365480216659733> [Elektrondyk resurs]: URL: <https://journals.sagepub.com/doi/10.1177/1365480216659733> (otinin berilgen kuni: 20.01.2026).
- Krajcik J.S., Blumenfeld P.C. (2006) Project-based learning. In R.K.Sawyer (Ed.). *The Cambridge handbook of the learning sciences*, 317-334. Cambridge University Press [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.cambridge.org/core/books/cambridge-handbook-of-the-learning-sciences/>

[projectbased-learning/355AA45D92D7FCD5D312FD1C343FDBB2](https://doi.org/10.47344/sdu%20bulletin.v52i1.37); (otininim berilgen kuni: 05.02.2026).

- Bruner J.S. (1961) The act of discovery. *Harvard Educational Review*, 31(1), 21-32 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.sciepub.com/reference/306019> (otininim berilgen kuni: 20.01.2026).
- Anayatova D., Kostaubayeva Z. (2020) Applying Project-Based Learning Principles on Blended Learning Classroom: Students' Perception. *SDU University Bulletin: Pedagogy and Teaching Methods*, 2020, 52(1), 11-23 32 [Elektrondyk resurs]: DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu%20bulletin.v52i1.37>, (otininim berilgen kuni: 13.07.2026).
- Abu-Hussain J. (2022) The level of acquaintance of the teacher with his students and the quality of the relationship between them in elementary schools of the Arab minority in Israel. *American Journal of Educational Research*, 10(5), 304-312 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://pubs.sciepub.com/education/10/5/6/index.html> (otininim berilgen kuni: 20.01.2026).
- Siemens G., Baker R.S.J. (2012) Learning analytics and educational data mining: Towards communication and collaboration. In: *Proceedings of the 2nd International Conference on Learning Analytics and Knowledge*. New York: ACM, 252-254 [Elektrondyk resurs]: URL: https://www.researchgate.net/publication/254462827_Learning_analytics_and_educational_data_mining_Towards_communication_and_collaboration (otininim berilgen kuni: 20.01.2026).
- Yesmuratova A., Shayakhmetova D., (2021) CLIL Approach in Kazakhstan: Learners' Perception and Experiences. *SDU University Bulletin: Pedagogy and Teaching Methods*, 57(4), 15-21 [Elektrondyk resurs]: DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu%20bulletin.v57i4.605> (otininim berilgen kuni: 12.07.2026).

Project-Based Learning, (PBL) - основной механизм компетентностно-ориентированного обучения в преподавании английского языка

¹М.А.Абеева, ²Ж.П.Нурбаева

¹Средняя школа № 63, ²Средняя школа № 10 имени Сагадата Нурмагамбетова
(Тараз, Казахстан)

Аннотация

Эта статья посвящена всестороннему анализу эффективных аспектов применения метода проектного обучения (Project-Based Learning, PBL) в практике преподавания английского языка. Основная цель исследования - выявить возможности развития коммуникативных навыков обучающихся, повышения их интереса к учебной деятельности и формирования умений самостоятельной работы посредством проектного обучения. Исследование проводилось на основе смешанной методологии, включающей анализ теоретических данных и элементы педагогического опыта. Результаты исследования показали, что систематическое применение проектных заданий способствует значительному увеличению активности учеников в речи, их адаптации к совместной деятельности и эффективному использованию иностранного языка в практических ситуациях. Полученные выводы подтверждают актуальность широкого применения метода Project-Based Learning в процессе обучения английскому языку, а также демонстрируют его значительный вклад в развитие творческого мышления учащихся.

Ключевые слова: проектное обучение, Project-Based Learning, преподавание английского языка, конструктивизм, критическое мышление, коммуникативная компетентность, мотивация к обучению, самостоятельность обучающегося, критериальное оценивание.

Project-Based Learning (PBL) as a Key Mechanism of Competency-Based Teaching in English Language Education

¹М.А.Абеева, ²Ж.П.Нурбаева

¹Secondary School No. 63, ²Secondary School No. 10 named after Sagadat Nurmagambetov
(Taraz, Kazakhstan)

Abstract

This article is dedicated to a comprehensive analysis of the effective aspects of using the Project-Based Learning (PBL) method in English language teaching practice. The main aim of the study is to identify the opportunities for developing learners' communicative skills, increasing their motivation for learning activities,

and fostering their independent work skills through project-based learning. The research was conducted based on a mixed methodology that included the analysis of theoretical data and elements of pedagogical practice. The results of the study showed that the systematic use of project tasks significantly increases students' speaking activity, helps them adapt to collaborative work, and enables them to effectively use a foreign language in practical situations. The conclusions obtained clearly demonstrate the relevance of wide application of the Project-Based Learning method in English language teaching and its significant contribution to the development of learners' creative thinking.

Keywords: project-based learning, Project-Based Learning, English language teaching, constructivism, critical thinking, communicative competence, learning motivation, learner autonomy, criterion-based assessment.

Поступила в редакцию: 24.02.2026

Одобрена: 29.03.2026

Первая публикация на сайте: 16.06.2026

MPHTI: 14.35.07

<https://doi.org/10.65247/3105-3432-2026-2.08>

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МЕДИАМӘДЕНИЕТ

^{*1}Ұ.Ө.КАРХАНОВА^{id}, ¹Г.Г.ЖУСУПБЕКОВА^{id}

¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті

(Көкшетау, Қазақстан)

^{*}karhanovaulbosyn2@gmail.com, g.g.zhussupbek@shokan.edu.kz

Аңдатпа

Мақала болашақ педагогтардың сыни ойлау қабілетін дамытуда медиамәдениеттің рөлін қарастырады. Цифрлық технологиялардың жылдам дамуы мен ақпарат көлемінің артуына байланысты, болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметінде ақпаратты сыни бағалау, талдау және интерпретациялау қабілеті маңызды. Осы тұрғыдан, медиамәдениет педагогтарды кәсіби дайындаудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – болашақ педагогтарда сыни ойлауды дамытуда медиамәдениеттің әлеуетін теориялық тұрғыдан негіздеу. Зерттеудің негізгі идеясы – білім беру үдерісінде медиаресурстарды мақсатты пайдалану студенттердің аналитикалық, бағалаушылық және рефлексивтік дағдыларын дамытуға ықпал етуі мүмкін екенін көрсету. Зерттеудің ғылыми маңызы медиамәдениет пен сыни ойлау арасындағы өзара байланысты анықтау және оларды педагогтарды даярлау контекстінде нақтылау. Практикалық маңызы – алынған нәтижелерді білім беру бағдарламаларын және әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуде қолдануға мүмкіндік беру. Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау, салыстыру, жалпылау және жүйелеу әдістері қолданылды. Нәтижелер медиамәдениет болашақ педагогтарға ақпаратпен жұмыс жасауға, өз пікірін дәлелдеуге және негізделген шешімдер қабылдауға ықпал ететінін көрсетті. Алынған нәтижелер педагогикалық білім беру теориясы мен практикасында қолданылуы мүмкін.

Түйін сөздер: медиамәдениет, сыни ойлау, болашақ педагог, цифрлық білім беру, ақпараттық сауаттылық, кәсіби даярлау, педагогикалық құзыреттілік.

Кіріспе

Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында білім беру жүйесі жаңа талаптарға бейімделіп, болашақ педагогтың кәсіби даярлығында *сыни ойлау мен медиамәдениет маңызды рөл атқарады*. Ақпараттық ағынның артуы, жаңа медиа құралдарының кең таралуы және ақпараттың сенімділігін бағалау қажеттілігі педагогтың кәсіби қызметінде тек пәндік білімді меңгерумен шектелмей, ақпаратты талдау, интерпретациялау және педагогикалық мақсатта тиімді қолдану қабілетін талап етеді. Осы тұрғыда сыни ойлау - ақпаратты жүйелі түрде талдау, салыстыру, бағалау, қорытынды жасау және проблемаларды шешу қабілетін қамтитын ойлау үдерісі. Ол педагогқа оқу үдерісінде аргументтелген шешім қабылдауға, оқу мазмұнын тұлғаға